



ОТАН ҚОРҒАУ – ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ!



№36 (3183)
05/05/2026

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ 1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ҚҰРМЕТТІ ӨРІПТЕСТЕР! ҚАДІРЛІ СОҒЫС ЖӘНЕ ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІ!

Сіздерді Ұлы Жеңіс күнімен және Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Біз ата-апаларымыздың кешегі отты жылдардағы жанқияр ерлігі мен еңбегін терең құрметпен және ризашылықпен еске аламыз. Сонау ауыр жылдары теміржол көлігі майдан мен тылды жалғастыратын негізгі артериясына айналды, ал теміржолшылар Ұлы Жеңіске баға жетпес үлес қосты. Елінің ертеңі үшін күрескен ерлердің ерлігі мәңгі есте және болашақ ұрпақ үшін төзімділіктің, жанқиярлықтың және мызғымас ерік-жігердің үлгісі бола бермек!

Біз – Жеңімпаздар ұрпағы мұны жадымызда сақтаймыз және аға ұрпақтың ерлігін шын жүректен мақтан тұта отырып, олардың даңқты жолын жалғастыратын ізбасарлары болуға ұмтыламыз.

Бүгінгі бейбіт заманда теміржолшылардың ерен еңбегі елдің тұрақты дамуы мен өркендеуін қамтамасыз етуге қызмет ете бермек.

Сіздерге бейбіт өмір, толағай табыс, мықты денсаулық, құт-береке және Отанымыздың гүлденуін тілеймін!

Талғат АЛДЫБЕРГЕНОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ
Басқарма төрағасы



Маулен ӘШІМБАЕВ,

ҚР Парламенті Сенатының төрағасы:

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАН ЕУРАЗИЯ ҚҰРЛЫҒЫНДА ТРАНЗИТТІК ХАБ РЕТІНДЕГІ ПОЗИЦИЈАСЫН НЫҒАЙТЫП, ТОЛЫҚҚАНДЫ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ДЕРЖАВАҒА АЙНАЛУҒА ТИІС ЕКЕНІН ҮНЕМІ АЙТЫП КЕЛЕДІ. ТРАНЗИТТІК МҮМКІНДІКТЕРІМІЗ ЖОҒАРЫ БОЛҒАНЫНА ҚАРАМАСТАН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ, СЕРВИС САПАСЫ СЫНДЫ МӘСЕЛЕЛЕР БАР ЕКЕНІ ЖАСЫРЫН ЕМЕС. СОНДЫҚТАН ҚАЗІР ЖЕКЕЛЕГЕН ЖОБАЛАР ЖИЙНТЫҒЫ ЕМЕС, БІРЫҢҒАЙ ҰЛТТЫҚ ТРАНЗИТТІК ЖҮЙЕ ҚАЖЕТ. СОҢҒЫ БЕС ЖЫЛДА КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ КЕШЕНДІ ЖӘНЕ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ-ТУҒА 13,5 ТРЛН ТЕНГЕ ҚАРЖЫ ИНВЕСТИЦИЯ САЛЫНДЫ. АЛДАҒЫ УАҚЫТТА ОСЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ШАРАЛАР НАҚТЫ НӘТИЖЕСІН БЕРЕДІ ДЕП СЕНЕМІЗ



ПАМЯТЬ, КОТОРАЯ ЖИВЕТ РЯДОМ

В преддверии Дня Победы особое внимание обращено к ветеранам, чьи судьбы стали частью истории Великой Отечественной войны и остаются живым напоминанием о ее уроках. В группе компаний АО «НК «ҚТЖ» на учете состоят участники войны, труженики тыла, узники концлагерей и жители блокадного Ленинграда – люди, чья стойкость, мужество и самоотверженный труд стали основой сегодняшнего мира и развития.

Среди них – участники Великой Отечественной войны Василий Иванович Григораш, отметивший вековой юбилей, и Александра Тихоновна Саратовцева, перешагнувшая 101-летний рубеж. Вместе с ними – три участника блокады Ленинграда, четыре узника концлагерей и около 671 труженика тыла. За каждой цифрой – судьба, наполненная испытаниями, трудом и верой в будущее.

Забота о ветеранах остается важной частью социальной поли-

тики компании. В соответствии с Коллективным договором ко Дню победы участникам войны и бывшим работникам спецформирований Народного комиссариата путей сообщения оказывается единовременная материальная помощь в размере 50 МРП, а также предоставляется ежемесячная компенсация расходов на электроэнергию.

При этом поддержка не ограничивается материальной помощью. В Компании сложилась добрая традиция вручать памятные подарки

и выражать слова благодарности. Активное участие в этой работе принимают волонтеры, которые помогают по хозяйству, доставляют продукты и необходимые товары, оказывая самое ценное – внимание и заботу.

Такая поддержка – это не просто социальная ответственность, а знак глубокого уважения к людям, чей подвиг и труд навсегда останутся нравственным ориентиром для новых поколений железнодорожников.

Руслан РАХМЕТОВ

УВАЖАЕМЫЕ РАБОТНИКИ И ВЕТЕРАНЫ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ОТРАСЛИ!

Примите искренние поздравления с Днем защитника Отечества и великим праздником Днем Победы!

Эти даты символизируют мужество, стойкость и преданность Родине. Мы с глубоким уважением чествуем тех, кто стоял на защите страны, и с благодарностью вспоминаем героев, подаривших нам мирное небо и свободу.

Особое значение в истории Победы имеет вклад железнодорожников. В годы войны железные дороги стали жизненно важными артериями: обеспечивали переброску войск и техники, снабжение фронта и эвакуацию населения. Этот труд требовал высокого профессионализма, самоотверженности и огромной ответственности.

Сегодня железнодорожники достойно продолжают традиции своих предшественников, внося значимый вклад в развитие экономики и обеспечение стабильности страны.

Желаем вам крепкого здоровья, благополучия, мирного неба над головой и новых профессиональных успехов. Пусть в ваших домах всегда царят тепло, согласие и уверенность в завтрашнем дне.

Оразгали АХМЕТАЕВ,
председатель ОО «Казпрофжел»

СТАРТОВАЛ КОНКУРС ИСТОРИЙ



В АО «НК «ҚТЖ» дан старт конкурсу «Интересные рассказы из жизни железнодорожников» – проекту, который призван сохранить самые искренние и настоящие истории людей отрасли.

За каждой профессией на железной дороге стоят судьбы, выбор, ответственность и моменты, которые невозможно забыть. Это не только рабочие будни, но и истории, к которым хочется возвращаться – с улыбкой, волнением или особым чувством гордости.

Департамент социальной политики АО «НК «ҚТЖ» приглашает работников делиться личными воспоминаниями, рассказав о случаях из практики, непростых решениях или событиях, оставивших глубокий след.

Лучшие рассказы будут опубликованы на странице @youngrailways.kz.

Прием работ открыт до 22 мая 2026 года. Истории принимаются на электронную почту: zhanaliyev_ye@railways.kz (с указанием Ф.И.О., места работы и контактных данных).

Дополнительную информацию можно получить по телефонам: 8 (7172) 60-45-76, +7-701-951-06-93.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ

Жоба

«ТАЛДАУ МЕКТЕБІ» ҚАТЫСУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Инновациялық орталығында Көлік министрлігінің басшылығы Парламент Сенатының қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Талдау мектебі – Школа аналитики» жобасының қатысушыларымен кездесті.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Іс-шара Президент Әкімшілігі және Парламент Сенатының бірлескен білім беру курсы аясында «Қазақстан: Орталық Азияның транзиттік хабы» тақырыбына арналды.

Ашық әрі еркін форматта ұйымдастырылған кездесуде көлік-логистика саласының қазіргі жағдайы мен даму перспективалары жан-жақты талқыланды. Ведомство басшысы саланың стратегиялық бағыттары, негізгі басымдықтар мен транзиттік әлеуетті арттыру аясында

қабылданып жатқан шаралар туралы халықаралық тәжірибелер мен нақты кейстер негізінде кеңінен баяндады.

Қатысушылар жаһандық өзгерістер жағдайында көлік жүйесінің бейімделуі, цифрлық шешімдердің енгізілуі және Қазақстанның Еуразиялық хаб ретіндегі ролін күшейту мәселелеріне ерекше қызығушылық танытты. Сонымен қатар өз зерттеулерінің көлік саласына ықпалы жөнінде пікірмен алмасып, әлемдік және ұлттық деңгейдегі үрдістердің салаға әсеріне қатысты көзқарастарын білдірді.

Кездесу қорытындысы бойынша

іс-шараға қатысушылар атқарылып жатқан шаралар нәтижелі боларына және көлік саласы еліміздің болашағы үшін тұрақты кіріс көзіне айналарына сенім білдірді.

«Талдау мектебі – Школа аналитики» курсы түрлі саладағы жас мамандарға арналған. Бағдарлама аясында қатысушылар көлік-логистика жүйесінің негіздерін, инфрақұрылымдық шешімдер қабылдау қағидадарын және жүк ағындарын басқару тетіктерін меңгеріп, Қазақстанның стратегиялық транзиттік хаб ретіндегі орнын терең түсінуге мүмкіндік алады.

НОВОЕ КАЧЕСТВО ТРУДА



Айлин БАУРЖАН,
Астана

С 2022 года в рамках программы проведен ремонт 581 объекта производственной инфраструктуры. Обновление затронуло как административные, так и производственные здания. В перечень вошли табельные помещения, токарные мастерские, гаражи, посты электрической централизации, компрессорные станции, бытовые помещения, отопительные пункты и ангарные сооружения. Проведенные работы позволили значительно улучшить состояние объектов и повысить уровень их функциональности.

Особое внимание уделяется созданию комфортных условий труда для работников производственных

В филиале АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» последовательно реализуется комплексная программа по улучшению санитарно-бытовых условий работников. Она направлена не только на модернизацию инфраструктуры, но и на создание более комфортной и безопасной рабочей среды для сотрудников по всей сети.

подразделений, которые ежедневно обеспечивают бесперебойное движение поездов. Для сотрудников путевого хозяйства, связи и энергетики, а также автоматики и телемеханики приобретено 534 модульных здания. Они оснащены помещениями для отдыха и приема пищи, что особенно важно при работе на удаленных и труднодоступных участках. Такие решения позволяют обеспечить базовый уровень комфорта вне зависимости от географии выполнения работ.

Параллельно ведется обновление технического парка. Заключены контракты на поставку 384 единиц автотранспорта, из которых 154 уже введены в эксплуатацию, а оставшиеся 230 находятся на стадии поставки. Кроме того, приобретено более трех тысяч единиц средств малой механизации, а также 6 автотрактор



и 10 мотовозов. Обновление техники способствует повышению производительности труда, сокращению времени на выполнение работ и улучшению качества обслуживания инфраструктуры.

Реализация программы носит системный и долгосрочный характер. Ее ключевые задачи – повышение уровня безопасности труда, улучшение условий работы и дальнейшее развитие социальной инфраструктуры железнодорожной отрасли. В компании подчеркивают, что инвестиции в условия труда напрямую влияют на эффективность производственных процессов и устойчивость всей отрасли.

Фото автора

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С НАЧАЛА ГОДА ПОЕЗДАМИ НАЦПЕРЕВОЗЧИКА ПЕРЕВЕЗЕНО СВЫШЕ

3 млн

ПАССАЖИРОВ.

ЗА ПОСЛЕДНИЕ ПЯТЬ ЛЕТ В ОБЛАСТИ АБАЙ ОТРЕМОНТИРОВАНО ПОРЯДКА

530 км

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПУТЕЙ.

ЗА ПЕРВЫЙ КВАРТАЛ 2026 ГОДА С ПРАВИЛАМИ ПРОЕЗДА ЧЕРЕЗ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЕ ПЕРЕЕЗДЫ ОЗНАКОМЛЕНЫ БОЛЕЕ

150 тыс.

ВОДИТЕЛЕЙ.

ҚОРЫТЫНДЫСЫ ШЫҒАРЫЛДЫ

Ислам ТАЛҒАТ
Астана



Энергетика министрлігі алаңында ҚТЖ мен облыстық әкімдіктер және көмір өндіруші кәсіпорындар өкілдерінің қатысуымен көмір тасымалдауды үйлестіру жөніндегі республикалық штаб отырысы өтті.

Отырыста күзгі-қысқы кезеңнен өту қорытындысы және келесі маусымға дайындық қаралды. Өткен 2025-2026 жылдардағы жылу беру маусымында көмір тасымалдау қорытындысы шығарылды. Теміржол желісінің тұрақты жұмысы арқасында жеткізілімдер толық көлемде қамтамасыз етілген. Қазақстан аумағы бойынша 76,1 млн тоннадан астам көмір тасымалданды, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 5%-ке жоғары. Оның ішінде жылу электр орталықтары үшін 69,8 млн тонна, ал коммуналдық-тұрмыстық секторға 6,3 млн тонна жеткізілді. Үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ету үшін тасымалдау процесіне «Қазтеміртранс» АҚ-ның шамамен 29 мың ашық вагоны тартылды.

Қазіргі уақытта ҚТЖ инфрақұрылымды келесі күзгі-қысқы кезеңге дайындауға кірісті. Тасымалдау процесінің сенімділігін арттыру бойынша көмірді жаппай тиейтін және түсіретін негізгі учаскелерде жөндеу жұмыстары мен іс-шаралар жүргізілуде.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР ІСКЕ АСЫРЫЛМАҚ

Нұрбек БЕКЕН,
Астана



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның Wabtec компаниясымен стратегиялық ынтымақтастығын кеңейту аясында елімізде әлеуметтік жобаларды іске асыру қолға алынып отыр.

Ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі – өңірлердегі білім беру инфрақұрылымын дамыту. Соның жарқын көрінісінің бірі ретінде Қызылорда облысының Арал ауданында Оқушылар шығармашылық сарайы құрылысының жүргізіліп жатқанын айтар едік. Нысан 100 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебін біріктіріп, балаларға қосымша білім беруге арналған заманауи инфрақұрылым қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ғимараттың жалпы ауданы шамамен 1 950 шаршы метрді құрайды. Жобаны жүзеге асыруға 120-дан астам маман тартылмақ. Құрылыс барысында отандық құрылыс материалдары кеңінен қолданылуда. Нысан пайдалануға берілгеннен кейін шамамен 100 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Wabtec компаниясының әлеуметтік бастамаларға салған инвестициялары оның тұрақты даму қағида-тарына және қызмет жүргізетін өңірлердегі әлеуметтік жауапкершілікке берік екенін айғақтайды.

Хабарландыру

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Ақмола магистральдық желі бөлімшесі» филиалының «Нұрлы жол» вокзал кешені 2026 жылғы мамырдың 21-інде бірыңғай оператор үшін «Нұрлы жол» теміржол вокзал кешенінің тұрақ аймағын жалға беру бойынша конкурс өткізілетінін хабарлайды.

Толық ақпарат «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының www.railways.kz сайтында «Инфрақұрылым» бөліміндегі «Теміржол вокзалдарындағы алаңдарды жалға беру бойынша ақпарат» кіші бөлімінде орналастырылған.

Барлық сұрақтар бойынша келесі телефондарға қоңырау шалыңыз: 8 (7172) 61-44-40, 61-44-44, 8 (775) 972-75-13.

КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІНІҢ САРБАЗДАРЫ

Жартылай әскери сала аталатын теміржол саласының құрылымында «Әскерлендірілген теміржол күзеті» қызметі бар. Шойын жол бойындағы нысандармен қоса жылжымалы құрамға ілеспе күзетті жүзеге асыратын құрам тәуліктің кез келген уақытында шұғыл тапсырмаларды орындауға сақадай сай тұрады. Әскери жүйеге құрылған салада темірдей тәртіп пен талап бар.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

«Әскерлендірілген теміржол күзеті» ЖШС Тараз филиалында күшті де қуатты, білекті де жүректі жігіттер еңбек етеді. Нағыз әскери талап пен тәртіп қалыптасқан ортада әлсіздерге жол жоқ. Әсіресе филиалдың шұғыл әрекет ететін оңтайлы топ күзетшілері қашан да жоғары дайындықтағы ерекше құрам ретінде сипатталады. 33 адамнан жасақталған бұл құрам үнемі физикалық дайындықта болу үшін аптасына бір рет Тараз қаласындағы «Динамо» спорт кешенінде арнайы жаттығулар өткізіп тұрады. Шоқан Қасымов басшылық ететін оңтайлы топтың үш станциядағы құрамына жақында жана Тоуота Nihx көліктері тапсырылды.

– Әскерлендірілген күзеттің негізгі міндетінің бірі – шұғыл әрекет ететін күзет топтары қызмет көрсететін учаскелердегі ұрлықтардың алдын алу. Жасақтың 10 қызметкері – Таразға, тағы оны – Түркісібке, 13 адам Шу станциясына бөлінген. Шұғыл әрекет ететін оңтайлы топтың қырағылығының арқасында былтыр ұрлық әрекетінің 27 фактісін анықтадық. 2024 жылы осындай 19 жағдай орын алған. Дерек 47 пайызға ұлғайғанымен, 35 адамның қылмыстық әрекетіне тосқауыл жасалды. Өкінішке орай, сұғанақтық жасағандар ішінде теміржол саласының 7 қызметкері бар. Алдыңғы жылы да бесеу болған. Ұрлық фактілері бойынша қозғалған қылмыстық істердің саны – 10. 2024 жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда төртеуге көбейген, деген



мен сұқ қолдар біздің қырағы жігіттердің құрығынан құтылып жатқан жоқ, – дейді «Әскерлендірілген теміржол күзеті» ЖШС Тараз филиалының директоры Еркін Мүсілімов.

Тарқатып айтсақ, шұғыл әрекет ететін оңтайлы топ құрамы былтыр жүк пойыздарынан көмір, кокс ұрламақ болған 19 жағдайдың алдын алған. 2024 жылы осындай 13 қылмыстық әрекеттің жолын кескен. Оның ішінде жүк вагондарының тірек аралықтары, жолдың жоғары құрылымының бөлшектерін жымқыру деректері де бар.

Солтүстігінде Қарағанды облысымен шектесетін Сарышаған станциясынан бастап,

тоғыз жолдың торабы Шу мен Меркіде Тәтті, Түркісіб, Тараз және Қырғызбен шекаралас жатқан Маймақ станциялары аумағын әскерлендірілген күзетпен қамтып отырған филиалдың жеке құрамына физикалық дайындығы мықты, ерік-жігері күшті азаматтар ғана қабылданады. Ілеспе күзет кезінде қызметкерлер өздерімен бірге қару, түрлі жағдайларға байланысты техникалық қызмет көрсететін құрал-жабдықтарды да бірге алып жүреді. Өйткені ұрлық-қарлықтан басқа қауіпті қылмыспен бетпе-бет келетін де жағдайлар кездеседі. Қайсыбір жылы жолаушылар пойызында ішімдік ішіп алып суық қарумен жолаушы халықтың зәресін алған бұзақыны құрықтау оңайға түскен жоқ. Мұндай оқиғалар вокзалдар мен пойыздарда аз кездеспейді. Осындай кезде алдымен жетіп, әрекет ететін – темір жолдың әскерлендірілген күзет қызметінің сарбаздары.

Сонымен қатар жүк пойыздары арқылы сұйытылған газ, түрлі қышқылдар секілді қауіпті жүктер де тасымалданады. Мұндайда ол жүктердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін де ілеспе күзет. Жол бойында әскерлендірілген күзет вагондар мен цистерналардың пломбаларының бүтін болуын қадағалап, оларға зақым келмеуін бақылауда ұстайды. Ұрлаудан бөлек, сұйық заттардың төгіліп-шашылуының алдын алуға да жауапты. Ал егер ұрлық жағдайы орын ала қалса, ол жерге шұғыл әрекет ететін жедел топ барып, деректерді талдап, тексеру жүргізеді.

Суретті түсірген автор

МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫ ҚАЛАЙ ДАМУДА?



Ұлан ОРАЗ,
Астана

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мәліметінше, бизнес өкілдері осы бағытта белсенділік танытуда. Мәселен, Петропавл қаласындағы RWS Wagon зауыты бүгінде тележкәлардан бастап жүк және жолаушылар вагондарына дейінгі 12 түрлі жылжымалы құрам шығарады.

Өткен жылы Үкімет отырысында Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев үш негізгі бағытты атады, бірінші – қолдану мерзімі ұзар-тылған вагондарды пайдалануды шектеу, екінші – вагондар мен жартылай вагондарды сатып алуға жеткілікті қаржы бөлу, үшінші – ұзақ мерзімге көзделген офтейк-келісімшарттарды пысықтау. «Вагон паркін жаңарту отандық машина жасау саласының дамуымен тығыз байланысты болуы қажет. Бұл өндіріс қуатын арттырып, вагон паркін кезең-кезеңімен жаңартуға жол ашады», – деді министр.

Петропавл зауыты рельстік автобустарды, жолаушылар вагондарын – купелі, плацкартты

және қызметтік түрлерін, сондай-ақ ЭПЗД электр пойыздарын шығарады. Олардың қатарында елорда мен Бұрабай курорты арасында қатынайтын туристік Bugabau Express те бар. Биылғы наурыз айында отандық вагон паркі «45» үлгісіндегі жаңа жолаушылар вагондарымен толықты. Кәсіпорын өкілдері бұл вагондардың алдыңғы сериямен салыстырғанда айтарлықтай жетілдірілгенін атап өтті. Атап айтқанда, жаңа вагондарда қозғалыстың жайлылығын пневматикалық аспа жүйесі қамтамасыз етеді. Ал герметикалық өтпе жолдар құрам бойымен қауіпсіз жүруге және бірыңғай микроклимат сақтауға мүмкіндік береді.

«Біздің вагондардағы жаңашылдық тек технологияда ғана емес, дизайнда да көрініс тапқан. Жолаушы сапар кезінде де күнделікті дағдылы істерін, атап айтқанда жақындарымен байланысу, жұмыс істеу, оқу мүмкіндігін сақтауы керек. Сол себепті вагондар Wi-Fi, жеке розеткалар және климатты реттеу жүйелерімен жабдықталған», – дейді Railways Systems KZ холдингінің басқарма төрағасы Сергей Павлингер.



«Жолаушы тасымалы» АҚ жаңа вагондарды ішкі және халықаралық бағыттарға пайдалану үшін енгізе бастады. Олардың қатарында Ақтөбе – Маңғыстау, ішінара Маңғыстау – Семей бағыттары, сондай-ақ Астана – Талдықорған жаңа маршруты бар. Сонымен бірге осыған дейін 1993 жылы шығарылған вагондар пайдаланылып келген Астана – Семей бағыты да жаңартылды. Қазір «45» сериялы вагондар Қарағанды – Мәскеу және Астана – Омбы бағыттарындағы халықаралық рейстер бойынша қатынап жүр. Жалпы, 2022 жылдан бері ұлттық тасымалдаушы RWS Wagon зауытында өндірілген 436 жолаушылар вагонын сатып алды. Алдағы жылы тағы 131 вагон алу жоспарланып отыр.

2025 жылғы деректерге сәйкес, Қазақстанда 141 мыңнан астам жүк вагоны пайдаланылып отыр. Оның шамамен жартысы – ашық вагондар. Көлік-логистика сала-сын дамыту үшін әмбебап ашық вагондар, платформалық вагондар және ірі тоннаждық контейнер-лерге арналған платформалар аса қажет. RWS Wagon компаниясы жүк вагондарының жаңа түрлерін иеруді қолға алған. Атап айтқанда ҚТЖ қажеттілігіне арналған автотасымалдағыш және жабық вагондар шығарыла бастады. Өткен жылы мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған вагон-цистерна сертификат алды. Мұның бәрі сайып келгенде отандық машина жасау саласының айтарлықтай қарқынмен дамып отырғанын көрсетеді.

«ТӨРТ ҚАРУЫҢ» ТҮГЕЛ БОЛСЫН, ТЕМІРЖОЛШЫ!



Маңғыстау жүк тасымалы филиалының еңбек қорғау жөніндегі инженері Сәлима Мамаеваның бізге берген мәліметіне сүйенсек, түбек теміржолшыларының еңбек жағдайы толық жасалған.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Жалпы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында соңғы екі жылда жүйелі жұмыстар жүзеге асырылған. Теміржолшылар қыстық-жаздық жұмыс киімдерімен, аяқкиім және жеке қорғаныс құралдарымен толық қамтамасыз етілген. Еңбек қауіпсіздігі талаптары сақталып, алдын алу шаралары тиімді жүргізілген. Нәтижесінде өндірістік жарақаттану фактілері тіркелмеген.

Жауапты маманның айтуынша,

өткен қыста Маңғыстау жүк тасымалы филиалында сексен адам алғашқы қыс мезгіліндегі жұмыс сатысынан өткен. Алғашқы қыстаушылардың бесеуі филиалда, қалғаны локомотив депосында еңбек етеді.

Сәлима Мамаева еңбек қауіпсіздігі саласындағы маңызды бағыттардың бірі қызметкерлерді оқыту екенін айтады. Бөлімшеде жауапты қызметкерлерді оқыту жоспарға сай жүргізіліп, аталған мерзімде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 2 жауапты қызметкер білімін көтерген.

– Бөлімшеде еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жоспарлы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылады. Қызметкерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау басты назарда. Ішкі бақылау жүйесі де тұрақты түрде жүргізілуде. Бірінші тоқсанда барлық деңгейдегі бақылау аясында 102 тексеріс ұйымдастырылып, 58 бұзушылық анықталды. Анықталған кемшіліктер толықтай жойылды.

Еңбек жағдайлары бойынша бес жылда бір рет өткізілетін жұмыс орындарын міндетті аттестаттау



нәтижесіне сәйкес бөлімшеде жалпы 249 жұмыс орны тіркелген. Оның ішінде Жүк тасымалы филиалы бойынша – 102, локомотив пайдалану депосы бойынша – 147. Еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыс орындарының саны – 101. Ал зиянды, ауыр және ширеленісті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлер саны 665 адамға жетті. Зиянды

еңбек жағдайларымен айналысатын барлық қызметкер сүт өнімдерімен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ зиянды өндірістік факторлардың тізбесіне сәйкес жылда медициналық қарап-тексеруден өткізіледі. Ауру-сырқаудың алдын алу мақсатында жұмысшыларға шипажайларға тегін жолдама беріледі. 2025-2026 жылында 90 адам демалып, денсаулығын


шыңдады, – дейді ол.

Еңбек қорғауға жауапты маманның айтуынша, бөлімшеде еңбек орындарының санитарлық-тұрмыстық жағдайын жақсарту бағытында да қажетті жұмыстар атқарылған. Санитарлық-тұрмыстық нысандарға – киім ауыстыратын және дүш бөлмелеріне, тамақтану бөлмелеріне, санитарлық тораптарға жөндеу жүргізілген. Жаңаөзен станциясының ескі вокзал ғимараты ағымдағы жөндеуден өткізілген. Жұмыс орындарын жарақаттан-дыру үшін 21 көпфункционалды құрылыс берілген. Ас бөлмесіне 65 дана электр шөйнегі, ауысым қызметкерлеріне 213 дана шам сатып алынған.

– Теміржолшының «төрт қаруы» түгел болса, көңіл күйі жоғары, жұмысы өнімді болмақ, сондықтан филиал басшылығы жұмысшыларға жағдай жасау арқылы еңбек өнімділігін арттыруды көздейді, – дейді Сәлима Мамаева.

Суретті түсірген автор

КТЖ ФОРМИРУЕТ СОБСТВЕННЫЙ МОРСКОЙ ФЛОТ



ПРОЕКТ

В рамках реализаций поручений Главы государства АО «НК «Қазақстан темір жолы» приступает к формированию собственного морского флота для дальнейшего развития Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ). Так, дочерняя компания KTZ Express – ТОО «KTZ Express Shipping» заключила контракты на строительство шести универсальных сухогрузов-контейнеровозов.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Подписаны договоры с Jiangsu Haizhongzhou Shipping Industry Co., Ltd. на строительство четырех судов и с Бакинским судостроительным заводом – на строительство еще двух. Реализация проекта направлена на укрепление позиций Казахстана на ТМТМ и формирование устойчивой морской составляющей маршрута.

Проект предусматривает строительство


судов класса «река-море» дедеитом до 9 900 тонн и вместимостью до 537 ДФЭ, адаптированных для работы на Каспийском и Черноморском направлениях. Это обеспечит эффективную интеграцию морского звена в единую логистическую цепочку ТМТМ.

Суда будут оснащены современными системами управления и навигации в соответствии с международными требованиями и экологическими стандартами, включая нормы IMO и MARPOL. Классификационное сопровождение обеспечит Bureau

Veritas. Это гарантирует высокий уровень безопасности, надежности и экологичности судов, а также расширяет возможности их эксплуатации на международных маршрутах и повышает доверие со стороны глобальных грузоотправителей.

Таким образом, наличие собственных судов позволит компании контролировать логистическую цепочку. Это стратегическое решение превращает ТМТМ в еще более надежный и экономически выгодный коридор.

ПРИОРИТЕТНАЯ ЗАДАЧА



КАК ЖИВЕШЬ, СТАНЦИЯ?

Станция Алматы-1 играет ключевую роль в транспортной системе региона, круглосуточно обслуживая большой поток пассажиров и значительные объемы грузоперевозок. А высокая интенсивность рабочих процессов создает повышенную нагрузку на персонал и инфраструктуру, что требует внимания к вопросам охраны труда.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Стоит отметить, что при такой загруженности безопасность работников становится приоритетной задачей. Разработан целый комплекс мероприятий, а регулярные инструктажи, строгий контроль соблюдения правил техники безопасности

и обеспечение сотрудников современными средствами индивидуальной защиты помогают минимизировать риски производственного травматизма.

– Каждый наш сотрудник должен осознавать личную ответственность за соблюдение норм охраны труда и быть готовым оперативно реагировать на нештатные ситуации, – отме-

чает главный инженер станции Алматы-1 Ерлан Куандыков.

На станции строго ведется контроль и учет за прохождением периодических медицинских осмотров. С вновь принятыми работниками проводятся вводные инструктажи с ознакомлением схем служебного прохода к рабочим местам. На всех постах и зданиях, согласно схемам пожаротушения, при ЧС установлены огнетушители.

Каждый сотрудник станции выполняет свою задачу, ведь малейший сбой в работе одного звена может повлиять на всю систему, поэтому особое значение здесь имеют дисциплина и, конечно же, взаимопонимание коллектива. А современные технологии, системы связи позволяют оперативно реагировать на изменения и поддерживать уровень организации работы.

По мнению руководства станции, именно согласованность

действий позволяет станционникам справиться с высокой нагрузкой, обеспечивая надежность перевозочного процесса.

Но самым проблемным и опасным участком станции Алматы-1 остается переход в неустановленных местах. Несмотря на наличие специально оборудованных переходов и предупреждающих знаков, некоторые пассажиры и местные жители, а также подростки, стремясь сократить дорогу, переходят пути, подвергая себя опасности. Самовольный переход путей особенно опасен в условиях интенсивного движения поездов, ограниченной видимости и высокого уровня шума.

Надо отметить, что совместные рейды с транспортными полицейскими и работниками ВЖД, а также усиление профилактической работы не дают положительного результата. Люди, пренебрегая всеми правилами, пересекают пути в неположенном месте, особенно большое количество нарушений происходит на летний период.

Руководство станции считает, что важно сформировать у граждан устойчивое понимание того, что нарушение правил перехода через железнодорожные пути – это не просто административное нарушение, а реальная угроза жизни.

Фото автора

Совещание

ТОРМОЗА – ПОД КОНТРОЛЬ


В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22) состоялась совместная автотормозная конференция, посвященная подготовке подвижного состава к весенне-летнему периоду и анализу работы в прошедший зимний период. Она стала площадкой для выработки практических решений по обеспечению безопасности движения в сложных климатических условиях.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

В конференции приняли участие представители Семейского отделения грузовых перевозок, локомотивного, вагонного и путевого хозяйств, ревизорского аппарата, причастных служб, непосредственно связанных с ремонтом, техническим обслуживанием и эксплуатацией тормозного оборудования.

Открывая совещание, начальник Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Асхат Елюбаев подчеркнул, что вопросы безопасности движения не терпят формального подхода. Именно профессионализм и качественное взаимодействие между службами, по его словам, обеспечивают устойчивую работу железнодорожного транспорта. Заместитель директора Семейского отделения грузовых перевозок Марат Уалиев акцентировал внимание на необходимости усилить контроль за подготовкой технических средств к весенне-летнему периоду, соблюдению технологической дисциплины, своевременного устранения выявленных замечаний и повышении персональной ответственности руководителей и работников за безопасность движения поездов.

Руководитель Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24) Марат Кыдырханов обозначил ключевую задачу



вагонного хозяйства – повышение качества обслуживания тормозного оборудования и исключение формализма при подготовке поездов. Представители ревизорского аппарата отметили необходимость принятия исчерпывающих мер по предупреждению нарушений и инцидентов.

Ключевым на конференции стал доклад машиниста-инструктора ТЧЭ-22 Рустема Мусекенова, который представил результаты практических исследований работы автотормозов в условиях аномальных морозов в январе 2026 года.

– Основной задачей было понять, где заканчивается зона ответственности человека и начинается зона неумолимой физики материалов, – отметил спикер. – Прошедшая зима в регионе показала, что эксплуатация тормозных систем в условиях экстремально низких температур требует особого подхода. Проведенный анализ

позволил детально изучить влияющие климатические факторы на работу тормозной магистрали и подтвердить эффективность ряда технических решений, примененных локомотивными бригадами.

Как отметил докладчик, наблюдения показали: при температурах ниже -30°C и движении поездов происходит резкое охлаждение элементов тормозной магистрали. В результате уплотнительные элементы теряют эластичность, что приводит к росту утечек воздуха в составе поезда. Особенно ярко эта проблема проявилась в длиннооставных порожних поездах. В этих условиях локомотивные бригады применили ряд технических приемов, которые имеют научное обоснование. В частности, кратковременное повышение зарядного давления в тормозной магистрали позволило стабилизировать работу системы. За счет этого увеличивается «энергия» сжатого воздуха, что

помогает компенсировать влияние низких температур на уплотнения. Как показали опытные поездки, такие меры действительно дают результат: параметры тормозной системы удается удерживать в допустимых пределах даже при экстремальных температурах.

Вместе с тем, подчеркнул Рустем Мусекенов, в условиях сильных морозов особенно заметен предел возможностей автотормозной системы длиннооставных поездов. Это связано с тем, что общий объем магистрали и количество соединений увеличивают риск утечек и нагрузку на локомотив. В связи с этим предложено при температурах ниже -30°C ограничивать длину грузовых поездов. Также, по данным спикера, практическое подтверждение эффективности нашло применение горного режима на участке Алтай – Бухтарма в аномальные морозы.

Инструктор по автотормозам и буксовому узлу ВЧД-24 Нурлан Наурабаев в своем докладе отметил, что в прошедший зимний период основное внимание было сосредоточено на профилактике неисправностей автотормозного оборудования и повышении качества технического обслуживания. Проведенные мероприятия позволили своевременно выявлять и устранять потенциальные риски. Отдельный блок обсуждения был посвящен вопросам технического состояния и эксплуатации снегоочистительной техники, совершенствования местных инструкций и повышения эффективности взаимодействия между службами.

По итогам обсуждения участники выработали ряд практических решений, включая внесение изменений и дополнений в действующие инструкции. Все эти меры будут направлены на дальнейшее повышение надежности автотормозных систем, обеспечение безопасности движения.

Фото Рустема МУСЕКЕНОВА

ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ МЕСТА НА ПРАЗДНИКИ

Роман ЛЮБИМОВ,
Астана



ПЕРЕВОЗКИ

Около 16 тысяч дополнительных мест в поездах предоставит на предстоящие майские праздники АО «Пассажирские перевозки».

С 6 по 11 мая национальный перевозчик назначит 175 дополнительных прицепных вагонов на маршрутах с повышенным спросом. В целом пассажирам будет предоставлено порядка 16 тысяч дополнительных мест в направлении Астаны, Алматы, Павлодара, Туркестана, Атырау, Пресногорьковской, Семей, Петропавловска, Кызылорды, Актобе, Мангистау, Казалы, Саратова, Жезказгана, Сарыагаша, Новосибирска, Оскемена, Караганды и Балхаша.

Эти меры позволят обеспечить доступность билетов в праздничные дни. Билеты без комиссии можно приобрести на официальном сайте bilet.railways.kz, а также в кассах АО «Пассажирские перевозки». Информация о движении поездов размещена на онлайн-табло на сайте tablo-railways.kz.

Дополнительную справочную информацию можно получить бесплатно по номеру 1433, а также в Instagram – на официальной странице АО «Пассажирские перевозки» [@jolaushylar_tasymaly](https://www.instagram.com/jolaushylar_tasymaly).

ЗЕРНО НАБИРАЕТ ТЕМП

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана



СОТРУДНИЧЕСТВО

Зерновые перевозки в Казахстане демонстрируют устойчивый рост, а координация между государственными органами и бизнесом усиливается.


По итогам первого квартала 2026 года отрасль показывает положительную динамику. Общий объем перевозок зерна достиг 4,1 миллиона тонн, что на 15% превышает показатель аналогичного периода прошлого года. Экспортные поставки составили 3,2 миллиона тонн, увеличившись на 18%, тогда как внутренние перевозки выросли на 8% – до 0,9 миллиона тонн.

Существенный рост зафиксирован на направлениях в страны Центральной Азии – объем увеличился на 48% и составил 2,1 миллиона тонн, из которых 1,5 миллиона тонн пришлось на Узбекистан. Перевозки в направлении и через территорию Российской Федерации достигли 512 тысяч тонн.

Особенно заметная динамика отмечена в направлении Афганистана – объем поставок вырос в 4,2 раза, достигнув 302 тысяч тонн. Кроме того, в китайском направлении объем экспорта кормовой муки увеличился вдвое и составил один миллион тонн.

ПОЕДЕМ С КОМФОРТОМ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



РЕМОНТ ПУТИ

Масштабные ремонтные мероприятия запланированы по службе ШЧ Костанайского отделения магистральной сети.

В частности, как сообщил ведущий инженер отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Дулат Ислямов, в планах: ремонт и замена электроприводов в количестве 111 единиц; замена кабеля с заниженной изоляцией в объеме 12,4 километра; замена аккумуляторов в количестве 194 штук; замена монтажа в устройствах СЦБ в количестве 214 единиц; замена дроссельных и джемперных перемычек в количестве 341 штуки. Изменение схем увязки с АБ в связи с внедрением временной двусторонней АБ по Шалкарскому методу в количестве семи перегонов на участке Тобол – Кушмурун – Есиль.

Кроме этого, планируется массовая замена консольных и фиксаторных изоляторов контактной сети в объеме 450 штук. Также будет произведена диагностика фарфоровых изоляторов контактной сети в количестве 10 517 штук. Замена изношенных поддерживающих струн на контактной сети в количестве 3 241 штуки. Замена изношенных струновых фиксирующих, питающих и соединительных зажимов контактной сети в количестве 2 880 штук. Текущий ремонт контактной сети в объеме 1 205,86 километра. Текущий ремонт высоковольтных линий АБ и ПЭС в объеме 553 километров.

Текущий ремонт воздушных низковольтных линий в объеме 133 километра.

Ремонт трансформаторов ОМ, ЗНОМ на линии АБ и ДПР в количестве 324 штук.

Замена траверс ВЛ АБ и ПЭС в количестве 365 штук.

Фото автора



Объявление

Вокзальный комплекс «Нұрлы жол» филиала акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» – «Акмолинское отделение магистральной сети» сообщает, что 21 мая 2026 года будет проведен конкурс по передаче в аренду парковочной зоны железнодорожного вокзального комплекса «Нұрлы жол» для единого оператора.

Подробная информация размещена на сайте акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» www.railways.kz в подразделе «Информация по передаче в аренду площадей на железнодорожных вокзалах» раздела «Инфраструктура».

По всем вопросам обращаться по телефонам: 8 (7172) 61-44-40, 61-44-44, 8 (7705) 972-75-13.

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Қызылорда қаласында тағы бір көше теміржолшы атымен аталатын болды. Отан қорғаушылар мен Жеңіс күні қарсаңында соғыс және еңбек ардагері, даңқты теміржолшы Үдербай Баймаханов атындағы көшенің ашылу салтанатына облыстық, қалалық және салалық, аймақтық теміржолшы ардагерлер кеңесі мен жергілікті атқарушы билік өкілдері қатысты.



Облыстың Сырдария ауданында дүниеге келген Үдербай ақсақал Қызыл-Егінші колхозында еңбек етіп жүрген жерінен 1942 жылы соғысқа алынғанда 23 жастағы жігіт екен. Бірнеше ай дайындықтан өткен соң Украина майданына түсіп, атты әскер полкінде жорығын бастайды. Қанды қасап соғыстың ең қиын кезі 42-43 жылдарды артқа тастап, зенбірек полкне ауысып, командир болады. Әскери шені – кіші сержант.

1944 жылы кеңес әскері алға жылжи бастайды. Украина мен Белоруссиядан кейін Румынияның Будапешт, Югославияның Белград қалаларын азат еткен қызыл армия қатарында Үдербай Баймаханов соғысты Австрияның Вена қаласында аяқтайды. Майдандағы ерлігі үшін «Ұлы Отан соғысы»

орденімен, екі рет «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Сонымен қатар «Германияны жеңгені үшін», «Будапешті азат еткені үшін», «Белградты азат еткені үшін», «КО маршалы Г.К.Жуков» және басқа да марапаттар иеленген.

Соғыстан аман оралған Үдербай ақсақал 1946 жылы бейбіт еңбекке араласады. Алдымен фабрикада, кейін тұтынушылар бірлестігінде еңбек етіп, 1961 жылдан бастап Қызылорда теміржол станциясының әскери күзетінде атқаш болып он шақты жыл тер төгіп, 1970 жылдан 1985 жылға дейін Қызылорда стан-

циясында жүк қабылдаушы-өлшеуші болып еңбек етіп, зейнетке шыққан.

Үдербай Баймахановтың атындағы көшенің ашылу салтанатында сөз алғандар сол дәуірдегі теміржол жұмысының қиындықтарын сөз етті, барлығы қолмен атқарылғанын, жалпы соғыстан кейін ондаған жылдар бойы елдегі ауыр жағдай сақталғанын сөз еткен ардагерлер соғыс және еңбек ардагерлеріне құрмет пен тағзым лайықты деп бағалайтындарын білдірді.

– Теміржол саласында ширек ғасыр еңбек еткен Үдербай ақсақал бірнеше рет теміржол саласы басшылығы тарапынан Құрмет грамотасымен марапатталып, «Социалистік жарыстың жеңімпазы» атанған. «Коммунистік еңбек оозаты» белгісі екі-үш мәрте иеленіп, қосымша бағалы сыйлықтармен марапатталған теміржолшының есімі Қызылорда қаласындағы көшелердің біріне берілуі – теміржолшылар үшін мәртебе мен мақтаныш. Көшенің ашылуына облыстық, қалалық ардагерлер кеңесі тарапынан үлкен көмек көрсетіліп, ауқымды жұмыс жасалды, қолдау білдірген органдарға алғыс айтамыз, – деді аймақтық теміржолшы ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Шайжан.

Жұбайы Күләш Бейсенқызы екеуі 7 ұл-қыз тәрбиелеп өсірген Үдербай ақсақалдың ұрпақтары әке рухына бағыштап дастархан жайды.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда
Суретті түсірген автор

ЛУЧШЕЕ РАБОЧЕЕ МЕСТО

В Карагандинском филиале АО «Казпрофжел» подведены итоги конкурса «Лучшее рабочее место». Мероприятие организовано с целью вовлечения трудовых коллективов в активную работу по созданию здоровых и безопасных условий труда, а также выявления и распространения лучших практик на рабочих местах.



Конкурс проходил в три этапа. В начале апреля текущего года состоялся отбор в первичных профсоюзных организациях, входящих в структуру филиала. В середине месяца победителями были представлены фото- и видеоматериалы в Карагандинский филиал профсоюза. На заключительном этапе, приуроченном ко Всемирному дню охраны труда, жюри определило лучших из лучших.

Всего на рассмотрение конкурсной комиссии участники подали 22 заявки. Все они были представлены в формате видеоматериалов, что позволило членам жюри объективно оценить состояние рабочих мест и уровень соблюдения требований охраны труда.

Оценивание проводилось по ряду важных критериев: наличие инструкций по охране труда, соблюдение санитарных норм, внешний вид сотрудников (наличие спецодежды и спецобуви), а также соответствие требованиям освещенности, электробезопас-

ности и пожарной безопасности.

По итогам конкурса первое место заняло рабочее место сигналиста 1-го поста станции Караганда филиала АО «НК «КТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети», второе – кабинет инженера технической документации Карагандинской дистанции сигнализации и связи, третье – рабочее место районной контактной сети РКС-44 Карагандинской дистанции электро-

снабжения. Победители конкурса были награждены дипломами и денежными сертификатами. Также все участники получили ценные подарки.

По словам председателя Карагандинского филиала профсоюза Яхьи Альмусина, особое внимание члены жюри уделили санитарному состоянию рабочих мест, их эстетическому оформлению, а также комфортности условий, создаваемых самими работниками.

Светлана МОГАЙ, Караганда,
Фото автора

«KERUEN EXPRESS» ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

ҚТЖ Өзбек темір жолдарымен бірлесіп кезекті «Keruen Express» туристік пойызын ұйымдастырды. Маршрут туристерге екі елдің негізгі тарихи және мәдени объектілеріне баруға мүмкіндік береді.

1 мамыр күні Алматыдан аттанған «Keruen express» туристік пойызы «Алматы – Түркістан – Самарқанд – Ташкент – Алматы» бағыты бойынша сапар шегеді. Тур 1-6 мамыр аралығында жалғасады.

130 жолаушысы бар туристік пойыз 4 купе вагоннан және 1 вагон-мейрамханадан тұратын отандық өндірістің заманауи жайы вагондарынан құралған. Бес күн бойы тұра қатысушылар Қожа Ахмет Яссауи кесенесін,

Түркістан өңіріндегі Отырар қаласын, Әмір Темір кесенесін және Самарқандтағы Регистан алаңын, Төле би кесенесін және Ташкенттегі хазірет Имам мемориалдық кешенін қоса алғанда, сәулет және тарихи ірі ескерткіштерді аралап көруге мүмкіндік алады.

Туроператорлар ұйымдастырған туристік пакеттің құнына пойызбен жүру, кәсіби гидтердің сүйемелдеуімен туристік бағдарлама, кіру билеттері бар экскурсиялар



және трансферлер кіреді. «Keruen express» туристік пойызының кезекті іске қосылуы теміржол туризмін дамытуға, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға

және өңірдің тарихи мұрасын танымал етуге ықпал етеді. Биыл – осы бағыт бойынша бұл екінші туристік пойыз.

Ұлан ОРАЗ
Суретті түсірген автор

ОБЩЕЕ ДЕЛО – ОБЩИЙ РЕЗУЛЬТАТ



Республиканскую акцию «Таза Қазақстан», а также все корпоративные инициативы илеще железнодорожники поддерживают охотно и очень активно, поскольку они проводятся для сохранения инфраструктуры и соблюдения экологических норм.

Назвать мероприятие по уборке территории филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илещ» одним словом субботник будет неверно. В течение недели в уборке, прилегающей к железной дороге территории принимали участие



приемосдатчики и приемщики поездов, работники механизированного погрузочно-разгрузочного участка, осмотровщики-ремонтники ПТО Илещ, инженерно-технический персонал и работники хозяйства, слесари-ремонтники и другие работники Илещского локомотивного депо (ТЧЭ-27). Можно сказать, весь личный состав по очереди потрудились на благоустройстве производственных территорий.

В частности, на станциях Илещ, Акбулак, Цвиллинга и развезде 25 в уборке мусора приняли участие 85 человек, в том числе цеха движения и грузовой, СТП. В общей сложности убран мусор с площади 12 720 квадратных метров, в том числе путей 14-17 общей площадью 3 820 квадратных метров, а также путей грузового двора с междупутьями с контейнерной площадкой товарного двора, близлежащей территории здания СТП и территории на линейных станциях общей площадью 5 900 квадратных метров. Всего собрано и вывезено 53 мешка бытового мусора, листьев и веток.

Работники смен, хозяйственного цеха и ИТР ПТО Илещ в количестве 39 человек убрали мусор на 6-12 путях с междупутьями, прилегающую территорию здания ПТО и южного помещения осмотровщиков-ремонтников вагонов. С общей площади 7 500 квадратных метров собрано и вывезено более 2 000 квадратных метров производственной площади и прилегающей территории, собрано и вывезено шесть тонн мусора.

Яна МАРЬИНА, Илещ
Фото Рамилы НУРЖАУОВОЙ

Спорт

Жуырда, 3 мамыр күні Астана қаласындағы ботаникалық бақта «Самұрық-Қазына» қорының ұйымдастыруымен өткен дәстүрлі «IV CHARITY SAMRUK MARATHON» сайысына Семей теміржолынан сегіз адам қатысты.



ҮЗДІК АТАНҒАН ҮШЕУ

Еліміздің әр өңірінен келген жалпы саны 3000-нан астам адам қатысқан жарысқа аймақтардан «сен тұр, мен атайын» дейтін кілең мықтылар іріктелгені даусыз. Дәстүрлі сайыс жыл сайын өткізілетіндіктен барлық теміржолшылар – жоғары деңгейдегі даяр-

лықтан өткен және тәжірибе жинап үлгерген әуесқой спортшылар. Абай елінен сайланып шыққан жігіттер үшін теміржолшылар намысын қорғау оңайға түспепті. Әйтсе де, осынау байрақты бәсекеде үш теміржолшының бағы жанып, үшеуі де алдарына қара салдырмай



ИГРА, КОТОРАЯ ОБЪЕДИНЯЕТ

В Екибастузе прошел турнир по мини-футболу, собравший команды из разных подразделений.

Железнодорожники вышли на футбольное поле для того, чтобы определить сильнейших в этом виде спорта. Турнир прошел в атмосфере азарта, поддержки и настоящего спортивного соперничества. Спортивное мероприятие было организовано инструктором по спорту по узлу Екибастуз Томирис Атымжановой. В итоге первое место заняла команда ВЧД(1), второе – у ВЧД(2), третье – у команды ПШ-25. Самый результативный игрок – Маргулан Беков, «Лучший нападающий» – Руслан Байзульдинов, «Лучший защитник» – Александр Петров, «Лучший вратарь» – Алмас Батталов, «Лучший бомбардир» – Еламан Назар.

Айдана ЕРТАЙ

ТАРАЗ КОМАНДАСЫ – ЧЕМПИОН!

Астана қаласында «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС филиалдары арасында өткен спартакиададан Тараз филиалының құрама командасы жеңіспен оралды.

Әскерилендірілген теміржол күзетінің 105 жылдығына арналған спорттық додаға 11 филиал мен орталық аппарат, жалпы 12 команда қатысты. Қатысушылар армрестлингтен, футбол және асық ату жарыстарында бақ сынады.

– Наурыз айында филиалдың жеке құрамдары арасында үш спорт түрі бойынша іріктеу өткізген болатынбыз. Жеңімпаздарға жекелеген жарыстар бойынша жолдама бердік. Ал футболдан әр командадан үздік ойыншыларды анықтап, құрамаға қостық. Нәтижесінде асық атудан – бірінші орын, шағын футболдан екінші орынға ие болдық. Бір алтын, бір күміс жүздеме жалпы командалық есепте алға шықтық. Команданың дайындығы жоғары болды. Бастысы әр қатысушының ішкі рухын көтеріп, моральдық тұрғыда қолдап отырдық. Спортшыларымыздың ауызбіршілігі мен жеңіске деген ұмтылысының арқасында



спартакиаданың чемпионы атандық, – дейді дүбірлі додаға команданы өзі бастап барған «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС Тараз филиалының директоры Еркін Мүсілімов.

Астанадан үлкен олжамен оралған чемпиондарды «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС Тараз филиалының ұжымы Тараз вокзалында зор қуанышпен салтанатты жағдайда күтіп алды. Ұран сөздер жазылған банер жасатып, гүл шоқтарын тапсырып, қошемет көрсетті.

Бұл жеңіс филиалдың жеке құрамдарының командалық рухын көтеріп, ауызбіршіліктерін нығайта түскені анық.

Айназ СЫРЫМБЕТ, Жамбыл
Суретті түсірген автор

Следующий номер газеты «Қазақстан теміржолшысы» выйдет 15 мая 2026 года.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі б.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 8 000
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеуберенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өзінде басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубалова 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-707-906-79-80
Манғыстау: Шажида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертаев 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:

Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.

«Хабар-Сервис» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігіне тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркеу күнелігі берілді.